

## Чек не үшін қажет?

Көбінесе адамдар сатып алған затына чекті талап етуге немесе оны сақтап қою керектігін елемейді. Көп жағдайда көпшілік оны керексіз қағаз деп санайды. Олар осы сәтте қалай қателеседі десеңізші?! Кейбіреулері уақыт өте келе тауардағы ақауларды анықтаған өкініп қалады. Осы мақалада біз жалпы чек не үшін қажет және ол болмаған жағдайда несімен қауіпті екені туралы түсіндіреміз.

Біріншіден, чек немесе оны басқаша қалай атайды, бақылау - кассалық чек немесе фискальді чек дегеніміз не соны түсініп алайық. Және неге әрбір компанияның кассалық чекті басуға арналған. Бүкіл әлемде оларды сату есебін оңайту және сатушыны бақылау үшін қолданады. Қазақстанның ерекшелігі мұнда кассалық аппарат мемлекет тарапынан ақша түсімін толық есепке алу үшін бақылау құралы болып қызмет етеді. Барлық кассалық аппараттар пайдалану алдында компанияның тіркелген орны бойынша салық қызметі органдарында тіркеледі. Кассалық немесе фискальді чек - бұл тауарды немесе қызметті сату кезінде кассалық аппаратпен берілетін құжат. Чекте сатып алынған тауардың атауынан басқа міндетті түрде мынадай деректер:

- Салық төлеушінің атауы;
- Сәйкестіндіру нөмірі;
- Бақылау- кассалық машинаның зауаттық нөмірі;
- Салық органында бақылау – кассалық машинаның тіркелу нөмірі;
- Чектің реттік нөмірі;
- Тауардың сатып алынған, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің уақыты және күні;
- Тауардың, жұмыстың, көрсетілген қызметтің бағасы және (немесе) сатып алу сомасы;
- Фискальді белгісі (Салық кодексінің 649-бабының 3- тармағы) көрсетілуі тиіс.

Берілген чектерді сатушы бухгалтерлік және салық есебінде пайдаланады, ал сатып алушыға өнімді өткізушімен дауды шешу үшін қажет. Қолыңызда құжатыңыз болса, сіз тауарды қайтадан қайтара аласыз, егер ол сізге бір себептермен ұнамай қалса, сондай-ақ оны басқа тауарға ауыстыра аласыз. Екінші жақтан егер дүкен Сізге чек бермесе, өнімді дәл осы жерден сатып алғаныңызды дәлелдеу Сізге қиынға соғады. Сонымен қатар, чектің берілмеуі сауда кәсіпорнының нақты кірісінің төмендеуіне әкеп сәткірады, ол өз кезегінде, бюджетке салықтың толық түспеуіне әсерін тигізеді. Сондай-ақ салықтың толық деңгейде түпеуі мемлекеттің өзіне алған тиісті бағдарламаларын орындауына тікелей әсерін тигізеді. Бір адам, екіншісі және көптеген аламдардың чекті алмауы мемлекетке үлкен шағын келтіреді. Бұдан бізде зардап шегуіміз мүмкін, сондықтан өзімізді деқауіпсіздендіргеніміз артық болмас.

- «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» туралы Заңның 24- бабының 10-тармағына сәйкес сатушы тауарды сату кезінде тауарды иелену фактісін растайтын құжатты беруге міндетті. Осы Заңның 18-бабына сәйкес тұтынушыда тауарды иелену фактісін растайтын құжаттың болмауы оны шарттың жасалу фактісін немесе оның талаптарын растауда куәлердің айғақтарына сілтеме жасау құқығынан айырмайды.

Яғни, сатушыдан чек немесе түбіртекті алғанда тұтынушы көрсетілген бағаға сәйкес тауарды нақты осы сатушыдан және көрсетілген күні сатып алу фактісін растайды.

Бұл тұтынушының 14 күн ішінде тауарды тиісті тауарға ауыстыруға немесе оны қайтарып беруіне не сапасыз тауарды айырбастауға немесе оның құнын қайтарып алуға құқылы екендігін білдіреді. Болмаған жағдайда, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңның 18-бабында көрсетілгендей, тұтынушыға куәгерлердің көмегіне тауарды сатып алу фактісін дәлдеу қажет болады. Егер куәгерлердің айғақтары туралы айтатын болсақ, алайда ондай құқық бар, Сіз сауда жасауға достарыңызбен бірге бармасаңыз, онда Сізге уақыт өте келе куәгерлерді табу айтарлықтай қиындықтар тудырады. Сондықтан, Сіз өзіңіз өнімнің сапасының жақсы екендігіне, ал техника бір қалыпты жұмыс істеп тұрғандығына көз жеткізбегенше чекті сақтап қойғаныңыз дұрыс болады. Дегенмен, техника сатып алу жағдайында, ең жақсысы, оның чегін кепілдік мерзімі немесе жарамдылық мерзімі өткенге дейін сақтап қою керек. Өйткені техникалық құралдарының ақаулары бірден пайда болмауы мүмкін. Ал біз Сіздерге барлық жағдайларда сәттілік тілейміз!